6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты диссертациялық зерттеуіне Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрметті профессоры, т.ғ.к. Әлімғазы Дәулетханның Пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықша қалыптаған дара тұлғасын, өзгеше мінезі мен мәдениетін, елдігін танып-білуі үшін, бәрінен бұрын оның этникалық төркін-тамыры мен тұтас тарихын жүйелеп айқындау өте маңызды. Оның үстіне кез-келген халықтың этникалық тарихы онымен іргелес халықтар тарихымен тығыз байланыста дамитыны да белгілі жайт. Сондықтан да зерттеу нысанына алынып отырған А.Н. Сагинаеваның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты докторлық диссертациясының ізденіс тақырыбы бүгінгі күн сұранысына сай, өзектілігі мен қажеттілігі дау туғызбайды деп есептейміз.

VIII-XIII ғасырлар аралығында Еуразияның далалық аумағын қоныстанып, шығыстан батыс бағытында қоныс аударып, нәтижесінде көшпелі және отырықшы халықтармен саяси, этникалық, мәдени байланыстарға түскен қоман-қыпшақтарының этносаралық байланыстарын, тарихи-мәдени ықпалдастықтарын зерттеу қазіргі кездегі тарих ғылымында аса қажет. Өйткені, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін отарлық дәуірде осынау аса зәру, ділгір тақырыпты жан-жақты қарастыруға жол берілмеген еді.

Зерттеу жұмысы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен қарым-қатынасын пәнаралық тұрғыда зерделеуге, сондай-ақ қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы кезеңіндегі Ұлы дала мен оған іргелес аумақтардағы және Қара теңіздің терістігіндегі далалық аймақтарды мекендеген халықтармен этно-тарихи байланыстарын жаңа ғылыми зерттеулер мен деректер негізінде талдауға арналған.

Диссертациялық жұмыстың әлі күнге түркітанушы ғалымдар тарапынан пікірталасты «қоман», «половцы» және «қыпшақ» атауларын сәйкестендіру мәселесіне байланысты зерттеулердегі этникалық қатыстылықты анықтауға бағытталғандығы және қоман-қыпшақтарын кимек-қыпшақ бірлестігіндегі жеке этникалық топ ретінде қарастыру талабы да «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасының шеңберіне кіреді.

Докторанттың диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің 4822/ГФ4 «Түркі-славян әлемі этнотарихи және социомәдени сұхбаттастықтың үлгісі ретінде» атты ғылыми жобасының аясында орындалуы ізденушінің зерттеу тақырыбының жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тікелей байланысын ашып көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты зерттеу жұмысының тақырыбы ауқымды да өзекті болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Мазмұны кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын зерттеу жұмысы докторлық (PhD) диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Бұл диссертант А.Н. Сагинаеваның өз тарапынан ғылымға қосқан жеке үлесі болып саналады. Диссертация нысанына VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары алынған. Диссертация тақырыбы бұған дейін тарих ғылымында кешенді түрде жеке ғылыми зерттеу нысанында болған емес. Сондықтан докторант көтерген мәселе – теориялық және практикалық жағынан бүгінгі Қазақстан қоғамына өте қажет, өзекті зерттеу екендігі күдік тудырмайды. Осы өзекті мәселеге докторанттың терең және кең бағытта кірісуі, деректерді талдауы, соған байланысты қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстарына арналған материалдарды жетік игеруі, диссертациялық жұмысты жазып шығуы, Қазақстан тарихы ғылымында жаңа ғылыми зерттеудің дүниеге келгенін білдіреді.

Диссертант өзінің зерттеу жұмысында, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстарын қарастыра отырып төмендегідей нәтижелерге қол жеткізгендігін көреміз:

1-нәтиже. Пәнаралық байланыстар тұрғысы мен салыстырмалық талдау әдістері негізінде қоман-қыпшақтарының ерте ортағасырлық этно-тарихи үдерістердегі алатын орны мен рөлін анықтаған.

2-нәтиже. Қоман-қыпшақтарының батысқа көші-қон үдерісі, этникааралық байланыстардың табиғаты туралы теориялық ұстанымдарды талдау негізінде аталған этникалық бірлестіктің қоныс аударуының себебі мен қоныстанған аумақтары нақтыланған.

3-нәтиже. Генетикалық зерттеулер нәтижелерін, жазбаша деректерді, халық ауыз әдебиеті үлгілерін салыстыра талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағындағы қыпшақ тілді халықтар – башқұрт және қыпшақ-бұлғар қауымдастығының этникалық келбетінің қалыптасуына ықпалы анықталған.

4 - нәтиже. Қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ халықтарымен (алан, адыгей, қарашай, балқар, қарайым, құмық) этно-генетикалық және этно-мәдени байланыстары деректер мен зерттеулерді талдау негізінде дәйектелген.

5 - нәтиже. Киев Русі тарихындағы қоман-қыпшақтарының саяси және мәдени ықпалы туралы ұстаным негізделген.

6 - нәтиже. Қоман-қыпшақтарының Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанған кезеңі мен XII ғасырлардағы Венгрия Королдігі аумағындағы венгрлермен өзара ықпалдастығы анықталған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

1 - нәтиже. Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған нәтижелерінің шынайылығы, автордың жұмыста этностың рухани дамуы мен артта қалуының мәнін ашу үшін оны зерттегенде ішкі құрылымындағы әлеуметтік, генетикалық, рухани-материалдық қайшылықтарға мән беріп, тарихи кезеңдерде этникалық қауымдастықтардың қоныс аударуы нәтижесінде олардың іштей шоғырлану үдерісінің өтетінін негіздеген.

2-нәтиже. Диссертант қоман-қыпшақтарының негізгі тіршілік көзі көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан климаттың өзгеруі, табиғат апаттары, жайылымдық жерлер үшін қақтығыстар нәтижесінде қоныстану аумағын бірнеше рет өзгертуге мәжбүр болғандығын ғылыми еңбектердегі көзқарастарды саралай келе негіздеген. Соған сәйкес, қоман-қыпшақтарының IX ғасырларда бүгінгі Орталық Қазақстан аумағына қоныс аударып кимек-қыпшақ конфедерациялары құрамында іргелес халықтармен байланысқа түскенін қарастырған, бұл байланыстардың халықтардың этникалық өзіндік танымының бірегейлігі негізінде жүзеге асқандығы шынайы болып табылады.

3 - нәтиже. XI ғасырдың бірінші жартысында Еділ-Орал өңірінде бұлғар, башқұрт, чуваш және фин-угорлық тайпалармен қоман-қыпшақтары арасында этно-тарихи ықпалдастық орын алғанын жазба деректермен қатар, қазіргі генетикалық, археологиялық, лингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер нәтижелері де анықтап беріп отыр. Әскери-саяси күшінің артуына байланысты қоман-қыпшақтары аймақта беделді болды да, нәтижесінде қыпшақ тілдік тобына жататын түрлі тайпалық бірлестіктер қалыптасып, бүгінгі башқұрт халқының этникалық сипатына негіз болған этно-мәдени белгілері орныққандығы шынайы негізделген.

4 - нәтиже. Қоман-қыпшақтарының солтүстік Кавказ жерінде мықты әскери-саяси ықпалға ие болғандығы және жергілікті халықтармен тығыз байланыс орнатуы нәтижесінде, қарашай, балқар және құмық халықтарының этникалық қалыптасу тарихында аса маңызды орынды иеленгендігі ғалымдардың зерттеулеріне арнайы ғылыми талдау жасауымен негізделінген және шынайы.

5 - нәтиже. Осы күнге дейін зерттеулердің басым көпшілігі орыс жылнамалары бойынша XI ғасырдың ортасында Оңтүстік орыс далаларына келген қоман-қыпшақтарының жергілікті халықпен қарым-қатынасын тек бір жақты қақтығыстық сипатта өрбіген деп қарастырып келген болатын. Ғалымдардың аталған тақырыпқа қатысты көзқарастарымен санаса келіп, зерттеу барысында қосымша деректер мәліметтері негізінде екі халықтың арасындағы байланыс бастапқыда бейбіт келісіммен басталған, бірақ кейін геосаяси жағдайларға байланысты олардың арасында соғыс жағдайы орын алғанын негіздеген. Сонымен қатар, қоман-қыпшақтарының аймақтағы саяси ықпалының жоғары болғандығынан, Ерте орыс мемлекетінің ыдырауы және кейіннен орыс княздіктерінің бір орталыққа бағыну үдерісінде олардың айтарлықтай маңызды рөл атқарғандығын қорытындылап шынайы дәйектеген.

6 – нәтиже. Қоман-қыпшақтарының XI-XIII ғасырларда Шығыс Еуропа жеріндегі саяси оқиғаларға Венгрия және Византиямен одақтастығы негізінде қатысуы, аталған тайпалардың батысқа көші-қон үдерісін жалғастырды және көшпелілер қоныстанған жаңа жерлердегі халықтардың саяси, этникалық тарихына ықпалын тигізгендігін негіздеуі шынайы болып табылады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

Диссертациялық еңбектің ғылыми жаңалығы дау туғызбайды, өйткені тарих ғылымдарында бұрын-соңды қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары кешенді түрде арнайы зерттеу нысанына алынбаған.

Әрбір ғылыми нәтиже, докторанттың диссертацияға жасаған түйіні мен қорытындысы нақты деректік материалдарға негізделген.

Қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары кешенді қарастырылып, зерттеу жұмысы төмендегідей ғылыми жаңалықтармен ерекшеленеді:

1-нәтиже жаңа, себебі VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары пәнаралық байланыстар тұрғысы мен салыстырмалық талдау әдістері негізінде зерттелген кешенді зерттеу болып табылады.

2-нәтиже жаңа, өйткені алғаш рет жүйелі түрде қоман-қыпшақтарының батысқа көші-қон үдерісі, этникааралық байланыстардың табиғаты туралы теориялық ұстанымдарды талдау негізінде аталған этникалық бірлестіктің қоныс аударуының себебі мен қоныстанған аумақтары нақтыланған.

3-нәтиже ішінара жаңа, себебі генетикалық зерттеулер нәтижелерін, жазбаша деректерді, халық ауыз әдебиеті үлгілерін салыстыра талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағындағы қыпшақ тілді халықтар – башқұрт және қыпшақ-бұлғар қауымдастығының этникалық келбетінің қалыптасуына ықпалы анықталған.

4-нәтиже жаңа, өйткені қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ халықтарымен (алан, адыгей, қарашай, балқар, қарайым, құмық) этно-генетикалық және этно-мәдени байланыстарын ғылыми зерттеулер мен орта ғасырдағы жазба деректерді қосымша деректермен толықтыра отырып талдау негізінде жаңаша баға берілген.

5-нәтиже ішінара жаңа болып табылады, себебі қоман-қыпшақтарының Киев Русімен қарым-қатынасын қарастырған зерттеулер болғанымен, бірақ бұл еңбектерде екі халықтың арасындағы байланысты біржақты қақтығыстық сипатта қарастырғаны диссертацияда зерттеліп, екі халық арасындағы саяси және мәдени ықпалдастық орын алғаны сараланған.

6-нәтиже ішінара жаңа, себебі қоман-қыпшақтарының Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанған кезеңі мен XII ғасырлардағы Венгрия Королдігі аумағындағы венгрлермен өзара ықпалдастықтың орын алғанын жазба деректер ақпараттарын, қосымша деректер мәліметтерімен салыстыра отырып, нақтыланған.

Зерттеу барысында А.Н. Сагинаеваның қол жеткізген негізгі нәтижелерін қорытындылай келіп, оларды зерттелген саладағы жаңа жетістіктер ретінде

бағалаймыз. Диссертацияда көрсетілген ұсыныстар мен қорытындылардың жаңалығы жоғары деңгейде екендігін атап өтуге болады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер, ұсынылған теориялық тұжырымдар үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Диссертацияда анықталған қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстарының нәтижелерін, орта ғасырлардағы түркі халықтарының қарым-қатынасы тарихын қарастырған зерттеулерде қолдануға болады. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеудің материалдары мен түйіндері түркі тілдес халықтардың этникалық тарихы бойынша ЖОО-да арнайы курстар мен дәрістер оқу үшін, оқу құралдары мен бағдарламаларын, оқулықтарын әзірлеуде, қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысы бойынша ғылыми еңбектерді жазуда қосымша материал ретінде қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен түйіндері 14 мақалада жарияланып жарық көрген, атап айтқанда 7 мақала - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда, 6 мақала отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми конференция материалдарында, 1 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналына қабылданып, жарық көрген. Мақалалардың мазмұны ғылыми еңбектің негізгі нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес келеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеу жұмысының негізделуі мен дәйектілігі жеткілікті. Докторант диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында тек қана қазақстандық ғалымдар ғана емес, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тұжырымдар мен өзіндік пайымдаулар жасаған.

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдамалар мен қорытындылар өзара байланыста. Олар зерттеу үшін қойылған мақсат пен міндеттерге, ғылыми талаптар мен ұсыныстарға сәйкес. Диссертация мазмұнының аяқталуымен, құрылымдылығымен, нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертацияны аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеуге толық мүмкіндік бар.

Жұмыстың ғылыми мәнін бағалай келе, ұсыныс ретінде айтарымыз:

1. Ізденуші қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысын қарастырғанда А.И. Куркчн құрастырған «Мир Льва Гумилева» (1994) атты кітапты пайдаланғанда диссертацияның маңыздылығы одан әрі арта түсер еді.

2. Ізденуші диссертацияны дайындау барысында қоман-қыпшақтарының іргелес Кавказ халықтарымен қарым-қатынасын қарастырғанда бірнеше еңбектер қарастырғаны көрініп тұр, дегенмен келешектегі зерттеулерінде

әзірбайжан тарихшысы Заур Гасановтың «Царские скифы» атты еңбегін қолданса деген ұсынысымыз бар.

Болашақ жұмысында ескерілсе деген тілекпен айтылған бұл ескертпелер диссертациялық зерттеудің мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Жалпы, докторант А.Н. Сагинаеваның диссертациялық зерттеуін аяқталған жұмыс деп есептейміз.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
Құрметті профессоры, т.ғ.к. **Әлімғазы Дәулетхан**